

**Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Шымыр ауылындағы атаусыз көшеге ат қою туралы**

Алматы облысы Ескелді ауданы Қарабұлақ кенттік округі әкімінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі N 06 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 24 қазанда N 2155 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармағына сәйкес және Ескелді аудандық қоғамдық ономастика комиссия келісімі сондай-ақ тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қарабұлақ кенттік округінің ә к і м і

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Қарабұлақ кенттік округіне қарасты Шымыр ауылының солтүстік-батыс жағында орналасқан атаусыз көшеге "Кемерашы" аты қойылсын.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды және іс жүзіне асыру жұмыстарын жүргізу Қарабұлақ кенттік округі әкімінің орынбасары Аян Бауыржанұлы Рысбековке ж ү к т е л с і н .
3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*округінің әкімі*

*Ж.М. Тоқпаев*

*Қ а р а б ұ л а қ к е н т т і к*